ӨТІНІМ ТАПСЫРУ СОҢҒЫ МЕРЗІМІ:

15 ҚАЗАН 2020 ЖЫЛ

discoverflex.org/apply

Бізбен байланысып, қосымша мәліметтер алыңыздар:

+7 (727) 291-92-26 / 35
flex.kz@americancouncils.org

Мекен-жай: “Арай” Бизнес орталық.
Қазыбек би көш., 20 А үй, 3-қабат.
Алматы қ., 050010 Қазақстан

«...олардың жергілікті қоғамға қосатын үлестері зор, біздің американдық оқушылардың мүлде танымайтын өз мәдениетінен өзге елдің мәдениетімен таныстырады. Мен бұл студенттерді өз балаларымдай жақсы көремін. Олар менің жүрегімде ерекше орын алады және мен оларды ешқашан ұмытпаймын. Маған олардың қайта айналып келіп өздерінің жетістіктері мен болашаққа қойған мақсаттары туралы айтқандары ұнайды.»

—FLEX бағдарлама қатысушысын қабылдаған отбасы

«FLEX бағдарламасы – менің қызымда болған ең керемет жағдай. Ана ретінде мен оның қаншалықты өзгеріп, жеке тұлға болып есейгенін байқадым. Ол есейіп, жауапкершілігі мол болды. Оның басқа мәдениетпен танысуға және американдық отбасында қарапайым жасөспірім сияқты өмір сүруге мүмкіндігі болды. FLEX бағдарламасы тек қана оның есеюіне емес, сонымен қатар маған да американың мәдениетін сезінуге көмектесті. Ата-аналар өз баласының шет елдегі бейтаныс отбасындағы қауіпсіздікті жиі уайымдайды, бірақ қабылдаушы отбасы, FLEX бағдарламасының қызметкерлері мен Американдық Кеңес әрқашан қолдауға дайын.»

—FLEX бағдарлама қатысушысының анасы.

«Мен ешқашан осы қызыққа толы жылды ұмытпаймын, әсіресе менің керемет қабылдаушы отбасымды... олар мені бейтаныс адам сияқты емес, жүздерінде күлкімен күтіп алды. Мен дүние жүзінде ең бақытты адамдардың бірімін, өйткені өз анамнан басқа енді тағы бір анам бар! Менің, FLEX бағдарламасына және АҚШ Мемлекеттік Департаментіне дүние жүзінен достар тауып, олардың мәдениетімен танысуға мүмкіндік алғаныма алғысым шексіз.»

—FLEX бағдарламасының түлегі, Грузиядан

Follow FLEX:

@FLEXProgram
FLEXProgram
discoverFLEX.org
FLEX Program

AMERICAN COUNCILS
FOR INTERNATIONAL EDUCATION

AC2020REC016

2021-2022

FLEX бағдарламасын АҚШ Үкіметінің Білім беру және Мәдени бағдарламалар Бюросы қаржыландырады.

DEPARTMENT OF STATE
UNITED STATES OF AMERICA

FLEX бағдарламасы дегеніміз не?

Сенатор Билл Брэдли мен конгресс мүшесі Джим Лич бірігіп 1992 жылы, FLEX бағдарламасының басталуына түрткі болатын тарихи заң жобасын әзірледі. Америка Құрама Штаттарының халқы мен бұрыңғы Кеңес Одағы мемлекеттер арасында қарым қатынасты нығайту мақсатында, Құрама Штаттар Конгрессі бағдарламаны қаржыландыруды бекітті; кейіннен басқа да мемлекеттер бағдарламаға қатысуға қосылады. FLEX бағдарламасын толықтай Құрама Штаттар үкіметі қаржыландырады, ал ұйымдастыру басшылығын АҚШ-тың Мемлекеттік Департаментінің Білім және Мәдени бағдарламалар Бюросы жүргізеді. Орта мектеп оқушыларының арасындағы конкурстық іріктеу нәтижесі бойынша, бағдарламаның шәкіртақысы АҚШ-та өз еркімен қабылдаған отбасында бір жыл тұруға және американың орта мектебінде оқуға мүмкіндік береді. Бағдарлама мақсаты – американдықтар мен дүние жүзіндегі басқа мемлекеттер адамдарының арасында өзара түсінушілікті орнату.

Жергілікті деңгейде FLEX бағдарламасын қабылдап, оқытатын мыңдаған американдық азаматтары мен мектептері қолдайды және жеңімпаздарды ешқандай қаржысыз қабылдайды. 28 жыл ішінде «FLEX» бағдарламасы 29000-нан астам орта мектеп оқушыларына шәкіртақы бөліп берілді. Көп жылдар бойы, FLEX бағдарламасы арқылы 900-ден 1000-ға дейін қатысушылар АҚШ-қа барды.

Бағдарламаны кім ұйымдастырады?

Халықаралық білім беру жөніндегі Американдық Кеңес FLEX бағдарламасының қатысушыларына тестілеуді, үміткерлерді іріктеуді, бейімделу семинарларын өткізіп, сапарды ұйымдастырады. Американдық Кеңестер 1974 жылы құрылды және халықаралық бейкоммерциялық ұйым болып табылады. Бұл ұйымның мақсаты мемлекеттер арасындағы өзара түсінушілікті жақсарту, адамдар арасындағы пікірлермен алмасу және білім арқылы ынтымақтастықты ұлғайту болып табылады. 40 жылдан астам Американдық Кеңес инновациялық бағдарламаларды Құрама Штаттарда, Европада, Еразияда, Таяу Шығыста, Азияда және Африкада он мыңдаған қатысушылар үшін әзірлейді, енгізеді және қолдайды. Сонымен қатар бірнеше АҚШ-тың мемлекеттік бағдарламаларын орта мектеп оқушыларына (FLEX бағдарламасынан басқа), университеттер студенттері мен аспиранттары, мұғалімдер мен ЖОО оқытушылары үшін дайындайды.

Сонымен қатар көптеген басқа американдық мемлекеттік емес және бейкоммерциялық ұйымдар FLEX бағдарламасы аясында жұмыс істейді. АҚШ үкіметінің тапсырысы бойынша осы ұйымдар бағдарлама қатысушыларын американдық отбасына орналастырады және бүкіл бағдарлама бойы әр-түрлі шаралар ұйымдастрады.

Шәкіртақы нені қамтиды?

FLEX бағдарламасының жеңімпаздарына ұсынылатыны:

- Тұрғылықты мемлекеттен АҚШ-қа және кері қайту жол қаражаты тегін;
- Ай сайынғы оқушыға арналған қалта шығын төлемі, қоғамдық өмірге қатысуға және жеке тұтыну заттарын сатып алуға мүмкіндік береді;
- Бір жыл бойы жеңімпаздың мүқият таңдап алынған және тексерілген американдық отбасында мекендеуі;
- Американың орта мектебіне қабылдануы;
- Оқушының бағдарламаға дейінгі және кейінгі дайындықты қамтитын іс шараларға қатысуы;
- АҚШ-та жергілікті деңгейде әр-түрлі мәдени шаралар өткізуі;
- Медициналық сақтандыру, оған баланың АҚШ-қа келгенге дейінгі ауырған ауруы мен тіс ауруын емдеу жатпайды.

БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУ ТАЛАПТАРЫ:

МЕМЛЕКЕТ	СЫНЫП	Туған күні, жылы	Бағдарлама басталуына дейінгі орта білімнің аяқталуы
Қазақстан	8, 9, 10, I-оқу жылы лицей н/е колледж 9-сыныптан кейін	1 қаңтар 2004-15 шілде 2006	рұқсат етілмейді

ЕСКЕРТУ: АҚШ-қа сапарға дейін өзінің сыныбын өзгерткен қатысушылар,бағдарламадан шығарылады.

FLEX бағдарламасына кім қатыса алады?

FLEX бағдарламасына қатысу ашық және бағдарлама шарттарына сай қатысушылардың барлығына тегін сайыс негізінде өткізіледі. Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалар да сайысқа қатыса алады. Жыл сайын шамамен 20 шақты мүмкіндігі шектеулі оқушылар FLEX бағдарламасының жеңімпазы болады. Олар басқа үміткерлер сияқты іріктеуден өтеді. Үміткерлер сайыс өтетін уақытта бір жылда бір рет өтініш тапсыра алады.

Сайысқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

1. Өз мемлекеттеріне белгіленген (кестеде жазылған) жас шарттары мен оқитын сыныбы сәйкес келу.
2. Өтінім тапсыру кезінде бағдарламаға қатысатын елдің орта мектептерінің бірінде оқу.
3. Өте жақсы және жақсы бағаларға ие болу.
4. Бұрында ағылшын тілін оқып, сайысқа қатысу кезеңінде ағылшын тілін меңгергенін көрсету.
5. АҚШ визасын алатын шарттарға сәйкес келу.
6. Қазақстан азаматы болу және бағдарлама бойынша өтініш берген елде төлқұжат алу мүмкіндігі.

FLEX бағдарламасына кім *қатыса алмайды*?

Оқушылар сайысқа қатыса алмайды, егер:

- ол 1-6 дейінгі шарттарға сәйкес келмесе (жоғарыда жазылған);
- ол АҚШ-та соңғы бес (5) жыл ішінде жалпы алғанда тоқсан (90) күннен көп болса.
- қатысушының отбасы немесе отбасы мүшесі:
  - АҚШ-қа көшу үшін құжаттарын өткізген немесе өткізуді жоспарлаған болса;
  - АҚШ-қа көшуді жоспарлаған немесе көшіп кеткен болса.

Шәкіртақы нені *қамтымайды*?

FLEX бағдарлама қатысушыларының шәкіртақысы ҚАМТЫМАЙДЫ:

- Халықаралық паспорт алу барысындағы шығындарды.
- Ай сайынғы шәкіртақыдан артық шығынды.
- Қол жүгінің артық салмақ ақысын төлеу, телефон арқылы өз елімен сөйлескен және электрондық поштаны қолданған шығын төлемін.

Бағдарламаға қатысу қандай тәжірибе береді?

FLEX бағдарламасы қатысушыларға Америка Құрама Штаттарының халқы мен мәдениетін жақын танысуға мүмкіндік береді. Бірінші кезекте, бағдарлама жеңімпаздары өз мемлекеттерінің халқы мен мәдениетін Американың халқына жақсырақ түсінуге үйрететін жас елшілер болып табылады. Оқушылар өзге елдің мәдениетін, әдет-ғұрпын бағалауды және түсінуді, өздерінің жеке қасиеттерін дамытып, тәуелсіз болуды үйренеді, осының нәтижесінде үздіксіз өзгеріп жатқан әлемде өмір сүруге бейімделеді. FLEX бағдарламасының қатысушылары қабылдап алған отбасымен, құрдастарымен және көршілерімен жақсы қарым – қатынас орната алады. Әдетте мұндай қатынас өмір бойына қалыптасады. Бағдарламаның көптеген түлектері үйлеріне оралғаннан кейін беделді оқу орындарына оқуға түседі, содан кейін АҚШ-та үйренген дағдыдарын қажет ететін жақсы жұмыс табады.

Тестілеу мен іріктеу процессі қалай өткізіледі?

Оқушылар онлайн-жарыстардың бірнеше раундтарында жарысады. Жарты финалдық кезеңде қатысушылар мен олардың ата-аналары бағдарлама туралы көбірек мәлімет алу үшін ақпараттық жиналысына шақырылады. Содан кейін үміткерлер американдық кеңестердің қызметкерлерімен жеке сұхбаттасудан өтеді, ағылшын тілінде стандартталған тест тапсырады, бақылау аясында эссе жазады және бағдарламаның ресми сауалнамасын толтырады. Ресми сауалнаманы толтырып, жергілікті Американдық Кеңес кеңсесіне екі апта ішінде қайта өткізу қажет.

Іріктеу бір жылдық тәжірибе алмасуға лайықты дайындыққа негізделетін болады, бұған үміткерлердің өтініштері дәлел бола алады. Ағылшын тілін білу маңызды, бірақ іріктеудің жалғыз элементі емес. Сондай-ақ, үміткерлер медициналық тексеруден өтуі тиіс, бағдарламаға қатысу үшін медициналық тұрғыдан жарамды деген анықтамасы болуы керек.

Көктемде іріктеу процессі аяқталады, содан кейін мамырдың ортасында барлық үміткерлер өздерінің статусы туралы хабарландыру алады. Маусым-шілде айларында іріктелген жеңімпаздар өздерінің туған мемлекеттерінде шығар-алдындағы семинарға қатысады, содан кейін шілде-тамыз айларында АҚШ-қа жіберіледі. Жеңімпаздар отандарына келесі жылдың мамыр-маусым айларында оралады. FLEX-ке қатысушылар бағдарлама біткеннен кейін өз мемлекеттеріне Американдық Кеңес белгілеген күні қайтып келу керек. Бағдарлама біткеннен кейін қатысушыларға берілген АҚШ визасын ұзарту мүмкін емес.

FLEX бағдарламасына қатысу алдында нені қарастырауым керек?

Бағдарламаға қызыққан үміткерлер, бағдарламадан кейін төмендегі мүмкін болатын кемшіліктерді білуі қажет:

- Отаныма оралғаннан кейін, маған оқу жылын қайта оқу қажет пе?
- Мектеп емтиханын немесе институт/университеттің қабылдау емтиханын кешікпей тапсыру үшін отаныма қайтып оралып келемін бе? FLEX бағдарламасының қатысушылары отанына мамырдың аяғында және маусымда қайтады.
- Егер мен АҚШ-қа кетпей тұрып, жоғары оқу орнына түсіп қойсам, ол университет/ институт академиялық демалыс береді ме?
- Отаныма оралғаннан кейін мені әскери қызметке шақырады ма?
- Мен мектепті үздік бітіріп, «Алтын белгі» ала аламын ба?

АҚШ-тағы орта мектептердің оқу бағдарламалары сіздің еліңіздегі мектеп бағдарламасынан өзгеше. Сіз бір жыл бойы өз еліңізде қарастырылған мектеп бағдарламасынан мүлдем басқа материалдарды оқитын боласыз.